



**БҰЙРЫҚ**

2022 ж. 13.08  
Қолдану күні

**ПРИКАЗ**

№ 51-70/9  
Қолдану күні

**Ақмола облысы білім беру  
ұйымдарының педагог  
қызметкерлерін аттестаттау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (2021 жылғы 12 қарашадағы №561 өзгерістерімен) сәйкес және облыстық аттестаттау комиссиясының 2022 жылғы 9 маусымдағы шешімі негізінде **БҰЙЫРАЛЫҢЫЗ:**

1. Педагог қызметкерлерге тиісті біліктілік санаттары берілсін (1-қосымша).

2. Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшылары облыстық аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде төмендегі педагог қызметкерге бір деңгейге төмен біліктілік санатын беру бойынша тиісті шаралар қабылдасын (2-қосымша).

3. Аттестаттау мерзімі міндетті болып табылатын және өтініш білдірген біліктілік санатқа сәйкес келмейтін педагог қызметкерлерге ережеге сәйкес тиісті шаралар қабылданын және мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш білдірген педагог қызметкерлердің қолда бар біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталсын (3-қосымша).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшысына орынбасары Б. Дүйсеповаға жүктелсін.

Басшы



Б. Дүйсепова